

Уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта қолданылатын материалдардың экспортты мен импортты жөніндегі ұлттық оператор туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 қарашадағы N 1659.

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі N 3593 Жарлығы мен "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясының мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1148 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың қос мақсатта қолданылатын материалдардың экспортты мен импортты жөніндегі ұлттық оператор туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1997 жылғы 26 қарашадағы
N 1659 қаулысына
қосымша

Уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы
станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы
жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта
қолданылатын материалдардың экспортты мен импортты
жөніндегі ұлттық оператор туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі N 3593 Жарлығы мен "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1148 қаулысына сәйкес әзірленді және ұлттық оператордың уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта қолданылатын материалдардың экспортты мен импорттына байланысты функцияларын белгілейді.

2. Уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсаттағы материалдардың экспортты мен импортты жөніндегі ұлттық оператор - "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы (бұдан әрі - Қазатомөнеркәсіп) "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қару-жарақты, әскери техниканы және қос мақсаттағы өнімді экспорттың бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, жоғарыда көрсетілген мәселелерге қатысты Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы Президентінің жоғарыда аталған Жарлығына сәйкес уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта қолданылатын материалдардың экспортты мен импортты жөнінде өзіне Қазақстан Республикасы берген басым құқықты иеленеді.

3. Қазатомөнеркәсіп өзіне берілген өкілеттіктердің толық көлемінде Қазақстан Республикасының мұдделерін білдіреді. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес олардың сыртқы және ішкі рыноктарда қорғалуын қамтамасыз етеді.

II. Негізгі міндеттері

4. Қазатомөнеркәсіптік уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта қолданылатын материалдардың экспортты мен импортты жөніндегі ұлттық оператор ретіндегі негізгі міндеттері:

әлемдік рынке атом-энергетика кешенінің өнімдерін сату саласында Қазақстан Республикасының мұдделерін қамтамасыз ету;

уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта қолданылатын материалдардың экспортты мен импорттын жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Сауда министрлігі арасындағы "Қазақстанның уран бойынша антидемпингтік тексеруді тоқтата тұру туралы" 1992 жылғы 16 қыркүйекте жасалған келісім мен оған барлық толықтырулардың атқарылуына, сондай-ақ Қазақстан уранын АҚШ рыногына жөнелту жөніндегі квоталардың пайдалануына бақылауды жүзеге асыру;

сыртқы және ішкі рынке атом-энергетика кешенінің өнімдеріне демпингтік процестерді болдырмау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысу болып табылады.

III. Негізгі функциялары

5. Қазатомөнеркәсіп негізгі міндеттеріне сүйене отырып:

тиісті лицензиялар алу арқылы тікелей немесе өзінің (қарамағындағы) ұйымдары арқылы Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта қолданылатын материалдардың экспортты мен импорттын жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын өндіруші кәсіпорындардың арасында уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта қолданылатын материалдардың экспортты мен импортты квотасының қатаң сақталуын, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіпке сәйкес берілетін тиісті лицензиялар алуы бойынша бақылауды қамтамасыз етеді;

МАГАТЭ-нің жетекші материалдарының негізінде арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта қолданылатын материалдардың импортты мен экспорттын және оларды өндіруді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының атом энергетикасы кешенінің өнімдерін сату жөнінде бірыңғай есеп жүргізу мен мемлекеттік бақылаушы органдардың алдында есеп беруді жүзеге асырады;

белгіленген квоталарға сәйкес, халықаралық ережелерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша да Қазақстан Республикасының кеден аймағынан тыста ураны бар шикізаттарды тасымалдаудың схемасы мен оларды қайта өндеуге берудің кестесін айқындайды;

қайта өндеуші кәсіпорындардың аумақтық қатыстылығына қарамастан заннамада белгіленген тәртіппен алынған лицензиялар бойынша қазақстандық қайта өнделген ураны бар өнімдердің экспорттына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттердің экспорттық өнімдерінің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өтуіне байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға басымдықты құқыққа ие болады.

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.02. N 389

қаулысымен.

IV. Құқықтары

6. Қазатомөнеркәсіптің:

Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен, өз құзыретінің шегінде нормативтік-құқықтық актілер қабылдау жөніндегі ұсыныстар енгізуге,

сондай-ақ лауазымды, заңды және жеке тұлғалардың, оның ішінде шетелдіктердің атқаруы үшін міндетті әдістемелік құжаттарды, нұсқаулықтарды және ережелерді бекітуге;

уралы бар шикізаттарды тасымалдау және сақтау саласындағы ғылыми-зерттеу, жобалау-іздестіру және кешенді сипаттағы басқа да жұмыстарға тапсырысшы болуга;

ғалымдарды, мамандарды және сарапшыларды атом-энергетика кешені саласындағы консультацияларға, зерделеуге және проблемаларды шешуге тартуға құқығы бар.

V. Қызметін ұйымдастыру

7. Уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнаулы жабдықтар мен технологиялардың, қос мақсатта қолданылатын материалдардың экспорты мен импорты жөніндегі ұлттық оператор - "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы өзінің қызметін осы Ереже мен "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясының жарғысына сәйкес ұйымдастырады.